



**Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданының Қоғамдық кеңесі**

**Общественный совет Есильского района  
Северо-Казхстанской области**

150500, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы,  
Явленка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 10,  
Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

150500, Северо-Казхстанская область,  
Есильский район, село Явленка,  
ул.Тәуелсіздік,10 Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

**Есіл ауданының Қоғамдық Кеңесі отырысының  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Явленка а.

2026 жылғы 17 ақпан

**Өткізу орны:**  
**Есіл ауданы мәслихаты**  
**төрағасының кабинеті**  
**Өткізу уақыты: сағат 16.00**

**Отырысты ашты:**

Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Е.Оспанов

**Қоғамдық кеңес отырысының тақырыбы:** 2026 жылы Қоғамдық кеңестің бірінші отырысы, Қоғамдық кеңестің бірінші отырысына мынадай мәселелер шығарылады:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды резервтен іріктеу туралы: тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты Қоғамдық кеңестің құрамынан шыққан Қоғамдық кеңестің мүшесі Арман Ерболұлы Рахметовтың орнына Бірлікова Динара Бербайқызы.

2. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Есіл ауданының халыққа қызмет көрсету бөлімінің «2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы» мәселесін қарау.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің әкім аппараты» КММ «2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы» мәселесін қарау.

Бүгін Қоғамдық кеңес отырысының жұмысына онлайн режимде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің

мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы Жанмурзина Нұргүл Эрикқызы қатысады. Отырысқа Есіл ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысады: Е.М.Тұтқышев, А.С.Нікібаев, Н.М.Бимаканов, Н.М. Октябрь, Б.Т.Қойшыбаев, Е.Е.Оспанов, А.В.Смоленская, Б.С.Кенжеғалиева, А.А.Мәжікеева.

1. «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес, ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен Сіз Қоғамдық кеңестің құрамына шығып қалған мүшесі Рахметов Арман Ерболұлының орнына Қоғамдық кеңестің құрамына сайлауыңыз қажет. А.Е.Рахметовтың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты Қоғамдық кеңесінің құрамынан шығу туралы өтініші бар.

Қоғамдық кеңесінің құрамына кандидатураны қарауды ұсынамын.

Динара Бербайқызы Бірлікова көптеген жылдар бойы Ишим және Есіл Таңы аудандық газеттерінде жұмыс істеді, 2023 жылы ауданның Қоғамдық кеңесінің құрамына кірген.

Есіл ауданының жалпы кеңесінің құрамына осы кандидатураға дауыс беруіңізді ұсынамын. Қарсылықтар бар ма? Жоқ. Дауыс беруге кірісейік.

Кім жақтап? Кім Қарсы? Кім қалыс қалды?

9 адам дауыс берді,

Бірлікова Динара Бербайқызы үшін - 9, қарсы -0, қалыс қалғандар -0 дауыс берді. Дауыс беру аяқталды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі болып Динара Бербайқызы Бірлікова сайланды.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің әкім аппараты» КММ «2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы» аудан әкімдігінің бас маманы Октябрь Алмагүл Амантайқызы ұсынған ақпарат - өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдансын. Тыңдау барысында сұрақтар түсті:

- Қойшыбаев Б.Т. - мемлекеттік қызмет көрсетудің қанша пайызы мемлекеттік тілде?:

А.А.Октябрьдің жауабы - мемлекеттік қызмет өтініш тілінде көрсетіледі, егер азамат мемлекеттік тілде өтініш білдірсе, мемлекеттік тілде де жауап алады. Жазбаша сұрау салу кезінде жауап ақпараты әрқашан мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

- Терминас И.В. - мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қай мемлекеттік органдарда бұзушылықтар анықталды?

А.А.Октябрьдің жауабы – Заречный ауылдық округі әкімінің аппаратында бұзушылық анықталды.

Дауыс берді: 9, оның ішінде «ЖАҚТАП» -9; «ҚАРСЫ» - 0; «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 0.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Есіл ауданы бөлімінің «2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Есіл ауданының ХҚКО бөлімінің басшысы Нина Леонидовна

Әбілмажинова ұсынған ақпараты өзгеріссіз және толықтырусыз қабылдансын. Тыңдау барысында сұрақтар түскен жоқ. Өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдау ұсынылады.

Дауыс берді: 9, оның ішінде «ЖАҚТАП» -9; «ҚАРСЫ» - 0; «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 0.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды. Барлығына жақсы жұмыс тілеймін. Қатысқаныңыз үшін барлығына рахмет.

**Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы Қоғамдық кеңесінің  
төрағасы**



**Е.Оспанов**